



БҰЙРЫҚ

15.05.2026

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 47-Ө

город Алматы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 12 бұйрығына сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының «Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесіне сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- 1) В.Т. Есимова, басшының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
- 2) Ж.Д. Үсенова, ақпараттық - талдау бөлімінің басшысы;
- 3) Б. Аманболқызы, медиаконтенті ілгерілету бөлімінің басшысы.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең:
- 2026 жылғы 5 қаңтардан бастап 2026 жылғы 31 мамыр аралығы.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:
- 2026 жылғы 1 маусымнан бастап 2026 жылғы 30 маусым аралығы.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік басшының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары В.Т. Есимоваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы

Б. Алекенова

0000298